«Байзақ ауданы әкімдігінің
ішкі саясат бөлімі» КММ-ге,
«Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігі
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Мәңгілік Ел 32/8
ЖСН: 150140024674
shapai20157@mail.ru

Шағым

«Байзақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес конкурстық комиссияның шешімімен келіспейтінін білдіре отырып, Конкурстың 14079660-ГСЗ1 қорытындылары туралы хаттаманы қайта қарауды ұсынады, осы тұста:

Келесіні хабарлаймыз.

I. "Нығмет нұры" қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің лот 75796289-ГСЗ1, атауы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптасыру бағытындағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру» конкурстық өтінімі Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 411-тармағына сәйкес, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушының конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау өлшемшарттарына сай:

4-критерий. Қағидалардың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін ұпайлар қойылады.

"Нығмет нұры" ҚБ әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі бойынша, Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды, өнім беруші 2015-2024 жылдар кезеңіне құжаттарды ұсынады, бұл жалпы, **сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі**нің барлығы 10 жыл, ал **ұқсас** *(аналогичные)* **жобаларды** іске асыру саласында **бес жылдан астам және сегіз жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар.**

Атап айтсақ: «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 2015 жылдан өз қызметін жүзеге асырды. Жалпы жұмыс тәжірибесі – 10 жыл. **Ұйымның ұқсас жобаларды жүзеге асырудағы тәжірибесі – 6 жыл.**

Жұмыс тәжірибесі төмендегі (кесте қызметтер (жалпы мәлімет біліктілік туралы қосымшада) берілді:

2019ж. «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру»;

2020ж. «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру»;

2021ж. «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру»;

2021ж. «Мемлекеттік қызметшілер мен жастар арасында «Сыбайлас жемқорлықтың салдары» атты ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қоғамдық бақылауды күшейту бойынша кешенді кездесулер мен бұқаралық спорттық іс-шаралар ұйымдастыру»;

2022ж. «Мемлекеттік қызметшілер мен жастар арасында «Сыбайлас жемқорлықтың салдары» атты ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қоғамдық бақылауды күшейту бойынша кешенді шаралар ұйымдастыру»;

2022ж. «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру»;

2022ж. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүргізу»;

2023ж. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу»;

2023ж. «.Мемлекеттік қызметшілер мен жастар арасында «Сыбайлас жемқорлықтың салдары» атты ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, іс-шаралар ұйымдастыру»;

2023ж. «Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»;

2023ж. «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру»;
2024ж. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүргізу»;
2024ж. «Аудан тұрғындары, жастар және жасөспірімдер арасында «Сыбайлас жемқорлықтың салдары» атты ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, іс-шаралар ұйымдастыру»
2024ж. «Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»;
2024ж. «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру».

Осы тұста сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар, көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелерімен расталған.

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін **6 ұпай** мөлшерінде заңсыз қолданды. Осы тармақ бойынша әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын **затқа сәйкес ұқсас** *(аналогичные)* **қызметтерді** көрсету нарығындағы тәжірибесі бойынша **6 ұпайдың** орнына **7 ұпай** қою ұсынылады.

6) Қағидалардың 1-қосымшасының 6-тармағына сәйкес, Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса – тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі үшін ұпайлар қойылады.

«Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі бойынша, Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген тиісті аймақтағы *(Жамбыл облысы)* әлеуметтік жобаларды іске асыруда **10 жыл** тәжірибесі бар, олар сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар, көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелерімен расталған.

Осы тұста, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 6-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін 4 ұпай мөлшерінде заңсыз қолданды.

Осы тармақ бойынша конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 6-тармағына сәйкес, егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса – тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі үшін **2 ұпайдың** орнына **6 ұпай** мөлшерінде қолдану керектігі ұсынылады.

«Адал қоғам» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті жеткізушісінің конкурстық құжаттарын зерделеуде анықталды:

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптасыру бағытындағы іс-шаралар кешенін ұйымдастыру» бойынша ұсынған өтінімі бойынша Конкурстық комиссия «Адал қоғам» қоғамдық бірлестігінің өтінімі бойынша келесіні хабарлайды.

Келіспеуге негіз:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында бекітілген Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасының 1-тармағына сәйкес *(Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 26.09.2022 № 990 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен қолданысқа енгізілді).* Әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін ұпайлар қойылады:

1-критерий. Әлеуетті өнім беруші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 1-қосымшасына сәйкес келесі тармақтар жоқ:

- **6. Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары *(іс-шаралардың атауы мен нысаны, өткізілетін орны мен мерзімі,***

***іс-шараны өткізу форматы, нақты әр айдың онкүндігі, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген)*:**

Жоспардағы әрбір іс-шара бөлек сипатталуы керек. Есептерді *(аралық және қорытынды есепті)* ұсыну кезеңін көрсету міндетті, *(есептер Шарттың техникалық ерекшелігінде көрсетілген мерзімдерге сәйкес ұсынылады)*. Қорытынды шығармашылық есепті Тапсырыс берушінің кеңсесі тіркейтін ілеспе хат арқылы 2025 жылғы 25 қазанға дейін тапсыру қажет. Конкурстық өтінімде жоба шеңберінде іс-шараларды іске асыру мерзімін 2025 жылғы 25 қазанға дейін деп көрсету - қажет делінген. Осы тармағы бойынша **Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі** талабы орындалмаған.

«Адал қоғам» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті жеткізушісінің ұсынылған өтінімі, Тапсырыс берушінің **техникалық сипаттамасы барлық талаптарды қамтымайды.**

Осы тұста, Әлеуетті жеткізушінің ұсынылған жобасы тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді), конкурстан шеттетілуі керек. Осыған байланысты бұл өтінім қабылданбайды.

- 7. Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу:

БАҚ-та жобаны іске асыруды жариялау жөніндегі Медиа-жоспардың болуы (сөз сөйлеулердің атауы немесе тақырыбы, автордың т.а.ә., БАҚ атауы, жарияланымның шығуының күтілетін мерзімдері). Медиа-жоспарда жобаны іске асыруды жариялау жөніндегі әрбір іс-шараны бөлек сипаттау қажет.

БАҚ-та жобаны ақпараттандыру бойынша медиа-жоспардың болуы (іс-шара немесе баяндама тақырыбы, автордың Т.А.Ә, БАҚ-тың атауы, жарияланым, репортаж шығуының күтілетін мерзімі) Бұқаралық ақпарат құралдарында ***5 (бес) тақырыптық жарияланым***, сондай-ақ ***әлеуметтік желілерде 3 (үш) басылымды орналастыру***, жариялау талабы жоқ. Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу БАҚ/техникалық ерекшелік КҚ талаптарына сәйкес келмейді, бұл әлеуетті өнім беруші медиа-жоспарда ***БАҚ атауы жоқ деген негізде қабылданбайды.***

Әлеуетті жеткізушінің ұсынылған жобасы тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі бөлімдерінің барлық талаптарын қамтымайды. Яғни, жобасы ұсынылмаған (сәйкес келмеген жағдайда, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді).

Осы тармақ бойынша конкурстық өтінімге **6 ұпайдың** орнына **0 ұпай** қою ұсынылады.

«Нығмет нұры» қоғамдық
бірлестігінің басшысы: Ш.Сүйімқұл

ЭЦП қол қойылды.
26.03.2025ж.